

"Жарқайың ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" Жарқайың аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 30 наурыздағы № 5С-40/5 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2016 жылғы 18 сәуірдегі № 6С-2/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 сәуірде № 5311 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 6С-33/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 24.12.2018 № 6С-33/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен. РҚАО - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабының 2 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына сәйкес Жарқайың аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Жарқайың ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" Жарқайың аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 30 наурыздағы № 5С-40/5 (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4758 болып тіркелген, 2015 жылдың 1 мамырында "Жарқайың тынысы" аудандық газетінде және 2015 жылдың 1 мамырында "Целинное знамя" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

2 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері "

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 бұйрығымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес жүзеге асырылады".

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тірлілген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

Ж.Мыңбаев

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы*

Ұ.Ахметова

"КЕЛІСІЛДІ"

*Жарқайың ауданының
әкімі*

А.Үйсінбаев

18.04.2016